

**Бородулиха ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы**

*Күшін жойған*

Абай облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 2024 жылғы 24 қазандағы № 23-3-VIII шешімі. Абай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 29 қазанда № 359-18 болып тіркелді. Күші жойылды - Абай облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 2025 жылғы 23 желтоқсандағы № 42-21-VIII шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Абай облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 23.12.2025 № 42-21-VIII шешімімен (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі).**

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы шешімнің қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.**

Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15-тармақшасына, Қазақстан Республикасы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес Бородулиха аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Бородулиха ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығы мөлшерлемесінің мөлшері салық кезеңінде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4%-дан 3%-ға төмендетілсін.

2. Осы шешім 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

*Бородулиха аудандық мәслихат төрағасы*

*С. Урашева*